

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2023 жылдың 29 маусымындағы № 17)

б е к і т і л д і

2023 жылдың 30 маусымынан бастап
қолданысқа енгізілді

"Қазақстан қор биржасы" АҚ индекстері мен индикаторларын қалыптастыру **САЯСАТЫ**

Алматы қ.
2023

Осы "Қазақстан қор биржасы" АҚ индекстері мен индикаторларын қалыптастыру саясаты (бұдан әрі – Саясат) индекстер мен индикаторларды қалыптастыру мен таратудың мақсаттарын, міндеттері мен негізгі принциптерін анықтайды.

1 бап. Жалпы қағидалар

1. Осы Саясат индекстер мен индикаторларды қалыптастыру процесіне негізгі принциптер мен тәсілдерді белгілейтін Биржаның ішкі құжаты болып табылады.
2. Осы Саясатты Биржаның барлық жұмыскерлері мен лауазымды тұлғалары міндетті түрде қолдануға және сақтауға тиіс.
3. Осы Саясаттың мәтіні бойынша мынадай ұғымдар, шартты белгілер және қысқартулар қолданылады:
 - 1) **Биржа** – "Қазақстан қор биржасы" АҚ;
 - 2) **IOSCO** – Бағалы қағаздар жөніндегі халықаралық комиссия ұйымы (ағылш. International Organization of Securities Commissions);
 - 3) **Биржаның ішкі құжаттары** – Биржаның бағалы қағаздар нарығының субъектісі ретіндегі ішкі құжаттары және сауда-саттықты ұйымдастырушы ретіндегі Биржаның ережелері (олар Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы және акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында анықталғандай), Биржаның органдарының, лауазымды тұлғаларының өз құзыреті шегінде қабылданған және жазбаша түрде рәсімделген шешімдері;
 - 4) **Мүдделі тараптар** – бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және өзге де қаржы ұйымдары, өзін-өзі реттейтін ұйымдар, жеке және институционалдық инвесторлар, бағалы қағаздар эмитенттері, ақпараттық және рейтингтік агенттіктер, инфрақұрылымдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары, реттеуші органдар, сондай-ақ өз мақсаттарында индекстер мен индикаторлардың мәндерін пайдаланатын өзге де тұлғалар;
 - 5) **Биржаның ақпараттық жүйелері** – Биржаның индекстері мен индикаторларын есептеуді, сақтауды және/немесе таратуды жүзеге асыратын Биржаның ақпараттық жүйелерінің спектрі;
 - 6) **Индекстер мен индикаторларды қалыптастыру әдістемесі** – Биржа Басқармасы бекітетін және индекстер мен индикаторлардың тізбесін, сондай-ақ оларды есептеу тәртібін анықтайтын Биржаның ішкі құжаттары;
 - 7) **IOSCO принциптері** – IOSCO қаржылық индикаторларына арналған принциптер (ағылш. IOSCO's Principles for Financial Benchmarks).
4. Осы Саясат Биржаның Жарғысын, Тәуекелдерді басқару саясатын, Мүдделер қақтығысын басқару саясатын, Комплаенс-тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатты, Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету ережелерін, сондай-ақ Биржаның өзге де процестері мен операцияларын қоса алғанда, бірақ шектелмей, Биржаның басқа ішкі құжаттарымен жиынтықта қаралады.

2 бап. Биржаның индекстері мен индикаторларын қалыптастырудың негізгі мақсаттары мен принциптері

1. Индекстер мен индикаторларды қалыптастыру:
 - Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның өзге де ішкі құжаттарына, сондай-ақ IOSCO қағидаттарына сәйкестігін;
 - есептеудің ашықтығын, регламенттелуін және үздіксіздігін;

- есептеу үшін пайдаланылатын құралдардың өтімділігін;
 - индекстер мен индикаторларды пайдалана отырып, туынды индекстер мен индикаторларды құру мүмкіндігін, сондай-ақ индекстер мен индикаторлар базасында туынды қаржы құралдарын құруды;
 - Мүдделі тұлғалардың өтінімі бойынша коммерциялық негізде индекстер мен индикаторлар құру мүмкіндігін көздейді;
2. Индекстер мен индикаторларды есептеу формулалары, есеп айырысу базаларын қалыптастыру/қайта қарау тәртібі, есепке енгізілетін қаржы құралдарының құрамы, сауда-саттық тәртіптемелері, кезеңдері, жасалған мәмілелердің индекстер мен индикаторлар есебінде пайдаланылатын бағалары, индекстер мен индикаторлардың бастапқы мәндері, салмақтық шектеулері және есептеудің басқа да ерекшеліктері Биржа интернет-ресурсында еркін қолжетімді Индекстер мен индикаторларды есептеу әдістемелерімен белгіленеді.
 3. Бір атаудағы бағалы қағаздардың индекстер мен индикаторлардың мәндеріне әсерін азайту мақсатында Индекстер мен индикаторларды қалыптастыру әдістемелері шектеу немесе түзету коэффициенттерін белгілеуі мүмкін.
 4. Егер осы Индексті немесе индикаторды есептеу әдістемесінде өзгеше көзделмесе, сауда-саттық күні ішінде параметрлері индексті немесе индикаторды есептеу үшін қажетті бағалы қағаздар бойынша мәмілелер немесе өтінімдер болмаған кезде осындай есептеу мақсатында осындай параметрлерді анықтауға болатын соңғы нәтижелі күннің деректері пайдаланылады.
 5. Биржаның Ақпараттық жүйелерінде индекстер мен индикаторлардың мәндерін бұрмалауға әкеп соққан қателер мен техникалық жаңылыстар туындаған жағдайда, тиісті бұзушылықтар туындаған кезең үшін индекстер мен индикаторлар мәндерін қайта есептеуге жол беріледі. Осы кезең үшін индекстер мен индикаторлардың мәндерін қайта есептеу туралы ақпарат Биржаның интернет-ресурсында ашылуға жатады.
 6. Нақты нарықтық ахуалды индекстермен және индикаторлармен көрсету барабарлығына теріс әсер етуі мүмкін мән-жайлар туындаған жағдайда (оның ішінде индекстер мен индикаторларды есептеу үшін деректер болмаған кезде), Биржа индекстер мен индикаторларды есептеудің барабарлығын қамтамасыз ету үшін қажетті кез келген іс-қимылды, оның ішінде есептеу базаларынан құралдарды алып тастау, индекстер мен индикаторларды есептеу үшін пайдаланылатын параметрлердің мәндерін өзгерту, алдыңғы сауда-саттық күнінің нарықтық деректерін немесе соңғы қолжетімді сауда-саттықтың деректерін пайдалану жолымен, сондай-ақ басқа да қажетті іс-әрекеттерді қабылдауға құқылы.

3 бап.

Биржаның Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылы

1. Индекстер мен индикаторларды қалыптастыру тәртібі, сондай-ақ индекстер мен индикаторларды есептеу әдістемесіне елеулі өзгертулер Мүдделі тараптармен "Қаржы ұйымдары қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігі арқылы келісіледі.
2. Мүдделі тараптарда қосымша индекстер мен индикаторларға қажеттілік болған жағдайда Биржа ұсыныстарды қарайды, қажет болған жағдайда осы ұсыныстарды "Қаржы ұйымдары қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігі арқылы талқылайды.
3. Белгілі бір индикатор индексін есептеу үшін қажетті жеткілікті ақпарат болмаған, Мүдделі тараптар тарапынан индекстер мен индикаторлар талап етілмеген жағдайда, Биржа тиісті индекстерді немесе индикаторларды есептеуді тоқтата тұруға немесе тоқтатуға құқылы.

4. Индекстерді немесе индикаторларды есептеуді тоқтата тұру немесе тоқтату туралы ақпаратты Биржа тиісті жаңалықтарды жариялай отырып, Биржаның интернет-ресурсында алдын ала ашады.

4 бап.

Өкілеттіктерді белгілеу

1. Биржалық ақпаратты жинауға және өңдеуге жауапты Биржаның құрылымдық бөлімшесі индекстер мен индикаторларды қалыптастыру және тарату процестерін қамтамасыз етуге жауапты болып табылады, оның функцияларына:
 - 1) тиісті нарықтардың капиталдандырылуын есептеу үшін индекстер мен индикаторларды, сондай-ақ бағалы қағаздар тізімдерін есептеу үшін өкілеттік тізімдерді қалыптастыру;
 - 2) индекстер мен индикаторлар бойынша Комитеттің отырыстарына ақпараттық-талдау материалдарын дайындау;
 - 3) индекстер мен индикаторларды есептеу үшін бағалы қағаздардың тізімдерін толтыру мақсатында Биржаның ақпараттық жүйелерін сүйемелдеу және қажетті параметрлерді енгізу;
 - 4) қандай да бір индексті немесе индикаторды есептеу тәртібіне өзгертулер енгізу кезінде Биржаның ақпараттық жүйелеріне тиісті өзгертулер енгізуге функционалдық тапсырмалар әзірлеу;
 - 4) Индекстер мен индикаторларды қалыптастыру жөніндегі әдістемелерді әзірлеу, сондай-ақ оларға өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу;
 - 5) индекстер мен индикаторларды қалыптастыру үшін қосалқы параметрлерді есептеу;
 - 6) Биржа Басқармасы бекіткен Биржаның интернет-ресурсын Биржасының құрылымдық бөлімшелерінің ақпараттық толықтыру тәртібіне сәйкес Биржаның интернет-ресурсын ақпараттық толықтыру;
 - 7) қазақстандық биржалық нарықта қолдану мақсатында индекстер мен индикаторларды есептеудің әлемдік практикасын зерттеуді жүзеге асыру;
 - 8) индекстер мен индикаторларды есептеуге байланысты мәселелер бойынша Мүдделі тараптарға кеңес беру;
 - 9) Мүдделі тараптардың шағымдары мен талаптарын Биржа Басқармасының және/немесе Индекстер мен индикаторлар жөніндегі комитеттің қарауын қамтамасыз ету кіреді.
2. Ақпараттық технологиялар бөлімшесі Биржаның индекстер мен индикаторларды қалыптастырумен және таратумен байланысты Биржаның ақпараттық жүйелерін техникалық сүйемелдеуге жауапты болып табылады, оның функцияларына:
 - 1) Биржаның тиісті ақпараттық жүйелерін әзірлеу, сүйемелдеу, қолдау және пысықтау;
 - 2) Биржаның серверлік және телекоммуникациялық жабдықтары жұмысының, деректемелер қорының және Биржаның өзге де жүйелік бағдарламалық қамтамасыз етуінің істен шығуына төзімділік деңгейін қолдау және арттыру;
 - 3) Биржаның тиісті ақпараттық жүйелерінің үздіксіз және іркіліссіз жұмысын қамтамасыз ету кіреді.
3. Биржаның заң бөлімшесі Биржаның индекстері мен индикаторларын қалыптастыруға, индекстер мен индикаторларды қалыптастыруға

байланысты Биржаның алқалы органдарының жұмысына байланысты ішкі құжаттарының заң сараптамасына жауапты болып табылады.

4. Биржаның тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшесі Биржа қызметінің үздіксіздігін басқарудың кешенді жүйесін әзірлеуге және сүйемелдеуге, сондай-ақ Биржаның тәуекелдерді сәйкестендіруді, бағалауды, бақылауды және мониторингтеуді жүзеге асыруына жауапты болып табылады.
5. Биржаның Комплаенс-қызметі Биржаның қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ Биржадағы мүдделер қақтығысының алдын алу, анықтау, реттеу және мониторингтеу жөніндегі іс-шараларды жүргізуге жауапты болып табылады.

5 бап.

Бақылау функциялары

1. "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және/немесе Биржа жарғысында Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Биржаның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Биржаның басқару органы Биржаның Директорлар кеңесі болып табылады.
2. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысына және Биржаның Директорлар кеңесіне есеп беретін, Биржаның Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржа жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылмаған қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы Биржаның алқалы атқарушы органы Биржаның Басқармасы болып табылады.

Биржа Басқармасының құзыретіне, оның ішінде Индекстер мен индикаторларды есептеу әдістемелерін бекіту, сондай-ақ Индекстер мен индикаторлар жөніндегі комитеттің қағидасын бекіту жатады.

3. Индекстер және индикаторлар жөніндегі комитеттің – Биржа Басқармасы жанындағы тұрақты жұмыс істейтін алқалы органның міндеттері индекстер мен индикаторларды есептеу үшін тізімдер мен параметрлерді қалыптастыру, сондай-ақ қор және ақша нарықтарының индикаторларын есептеу әдістемелерін жетілдіру мәселелері бойынша сараптамалық тезистерді қалыптастыру болып табылады.
4. Индекстер мен индикаторларды қалыптастыру процестерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан кешенді ішкі бақылауды, қажеттілігіне қарай, Биржаның заң бөлімшесі Әдістемелердің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін сараптау жолымен іске асырады.
5. Биржаның Ішкі аудит қызметі индекстер мен индикаторлар есебінің Әдістемеді көрсетілген талаптарға сәйкестігін ішкі тексеруді, сондай-ақ қажеттілігіне қарай Ішкі аудит қызметіне ұсынылатын биржалық ақпаратты жинауға және өңдеуге жауапты бөлімшенің бизнес-процестердің карталарын қарау жолымен индекстер мен индикаторлардың ағымдағы мәндерін ашу жөніндегі талаптардың сақталуын тексеруді жүзеге асырады.
6. Биржадағы мүдделер қақтығысының алдын алу, анықтау, реттеу және мониторингтеу Биржаның "Мүдделер қақтығысын басқару саясаты" атты ішкі құжаттарымен анықталады.
7. Биржаның тәуекелдерді басқару бөлімі Биржа қызметінің үздіксіздігін басқарудың кешенді жүйесін әзірлейді және сүйемелдейді, сондай-ақ Биржа тәуекелдерін сәйкестендіруді, бағалауды, бақылауды және мониторингін жүзеге асырады.

8. Индекстер мен индикаторларды қалыптастыру жөніндегі тәртіп пен процедураларды, индекстер мен индикаторларды қалыптастыруға қатысатын Биржаның жауапты бөлімшелерінің тізбесін жауапты бөлімше бизнес-процестер картасында анықталған.
9. Қажеттілігіне қарай Биржа IOSCO принциптеріне сәйкестікті қоса алғанда, индекстер мен индикаторларды қалыптастыру процесінің сыртқы операциялық аудитін жүргізуге құқылы.

6 бап. Жауапкершілік

Осы Саясаттың нормалары мен қағидалары сақталмаған жағдайда, Биржаның жұмыскерлері/лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес жауапты болады.

7 бап. Тұжырымды қағидалар

1. Биржа индекстер мен индикаторлар мәндерінің, сондай-ақ есептеудің кемінде соңғы бес жылында индекстер мен индикаторларды есептеу үшін пайдаланылатын барлық ақпараттың сақталуын, тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Бұл ақпарат сауда-саттық деректерін, индекстер мен индикаторларды есептеу базасын, Индекстер мен индикаторларды есептеу әдістемелерінің өзгертулерін, Индекстер мен индикаторлар бойынша комитеттің шешімдерін қамтиды.
2. Индекстер мен индикаторларды есептеу, сондай-ақ оның негізінде индекстер мен индикаторларды есептеу жүзеге асырылатын ақпараттың барлық көлемі есептеудің кемінде соңғы бес жылында Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес сақтық көшірілуге жатады.
3. Осы Саясатқа уақтылы өзгертулер енгізу (өзектендіру) жауапкершілігі Биржада индекстер мен индикаторларды есептеуді қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшеге жүктеледі.
4. Осы Саясат қажеттілігіне қарай, бірақ осы Саясат қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін әрбір үш жылда кемінде бір рет өзектендіруге жатады.

Басқарма төрағасының м.а.

Н. Ю. Хорошевская